



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

Бұйрық №38.

«Болашақ» Бестамақ балалар бақшасы
Бестамақ ауылы
Психологиялық-педагогикалық қолдау
қызметінің жұмысын ұйымдастыру туралы

02.09.24ж.

&1.

«Білім беру ұйымдарында психологиялық – педагогикалық қолдап отыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 6 бұйрығы негізінде БҰЙЫРАМЫН:

1. Психологиялық-педагогикалық қолдап отыруды ұйымдастыру туралы ереже № 1 қосымшаға сәйкес бекітілсін.
2. Психологиялық-педагогикалық қолдап отыру жөніндегі мамандардың құрамы № 2 қосымшаға сәйкес бекітілсін.
3. Психологиялық-педагогикалық қолдап отыру жөніндегі мамандардың №3 қосымшаға сәйкес міндеттері бекітілсін.
4. Ерекше білім беруге қажеттіліктерді бағалау тәртібі «Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 4 бұйрығы негізінде жүргізілсін.
5. Психологиялық-педагогикалық қолдап отыруды ережеге сәйкес ұйымдастыру балабақша әдіскері Г.Б. Уразалинаға жүктелсін.
6. Психологиялық-педагогикалық қолдап отыру қызметінің отырысы жоспарлы және қажеттілікке сай жоспардан тыс өткізілсін.
7. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалауды өзіме қалдырамын.

«Болашақ» Бестамақ балалар бақшасының меңгерушісі:  Л. Б. Курманова.

